ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
«БАРС-ҚҰРЫЛЫС»

ТОВАРИШЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
«БАРС-ҚҰРЫЛЫС»

Шығыс/ Исх. 171

«03» 08 2018 ж/г

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ БАСШЫСЫНА

ШАҒЫМ

№2632847-1 «Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кентінен көлемі 180 гектар жер учаскесінде салынатын тұрғын үйлерді инфрақұрылыммен қамтамасыз ету (газбен жабдықтау) құрылысы;

№2635451-1 «Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кентіндегі ауданы 210 гектар жер учаскесінде (газбен жабдықтау) салынатын тұрғын үйлерді инфрақұрылыммен қамтамасыз ету» құрылысы,

№2635535-1 «Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қазалы қаласынан көлемі 81 гектар жер учаскесінде салынатын тұрғын үйлерді инфрақұрылыммен қамтамасыз ету (газбен жабдықтау) құрылысы,

№2635663-1 «Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қазалы қаласындағы көлемі 180 гектар жер учаскесінде салынатын тұрғын үйлерді инфрақұрылыммен қамтамасыз ету (газбен жабдықтау)» құрылысы.

«Барс-Құрылыс» ЖШС жоғарыда көрсетілген электрондық конкурстарға қатысуға өтінім ұсынды. "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі ұйымдастырған электрондық конкурстар бойынша конкурстық комиссия мүшелері төмендегі қорытындылар туралы хаттамада көрсетілген ескертулер бойынша бас тартты, -

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

қағидаларының 150-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада белгіленген сатып алынатын жұмыстар нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы бөлігінде біліктілік талаптарға сәйкес келмейді(ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу заңнамасы департаментінің 13.02.2018 жылғы №ДЗГЗ-1-7320-ВН түсіндірмесіне сәйкес әлеуетті өнім берушімен ұсынылған 12.06.2018 жылғы консорциумдық келісім бойынша тек конкурсқа негізгі қатысушының, яғни «Барс-Құрылыс» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесі есепке алынуға жатады).

«Барс-Құрылыс» ЖШС көрсетілген ескертулермен келіспейді, себебі бұл түсіндірме жоғарыда аталған қағидаға, 2018 жылдың 01 шілдесінен енгізілген өзгерістерге ғана жасалған. Сондықтан, 2018 жылдың 01 шілдесіне дейін жарияланған конкурсқа қолданылмайды деп есептейміз.

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» мемлекеттік мекемесінің 23.07.2018 жылғы хатында №06-23/3Т-К-537 берген жауабы бойынша қанағаттандырылмаймыз.

«Барс-Құрылыс» ЖШС-нің директоры **Кенжебаев А.Ж.**

e-mail: jan_asia@mail.ru
тел.: 8-702-223-22-21